

1 2009
16961 к

Атырау қаламгерлері

ӘТЕПБЕРГЕН ӘЛІМГЕРЕЕВ

САРАЙШЫҚ



1 2009/16961к

Атырау қаламгерлері

**ӨТЕПБЕРГЕН
ӘЛМІТРЕЕВ**

САРАЙШЫҚ

**«Өлкө»
Алматы
2000**

Отепберген ЭЛІМГЕРЕЕВ..
Сарайшық — Алматы: «Өлкө» баспасы. — 2000 ж.
— 72 бет.

Журналист, Республика жаралыстану ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі Ө. Элімгерев бұл кітапшасында қазіргі Қазақстан картасында қала ретінде аты жоқ, бірақ сонау Алтын Орда дәуірінде ірі сауда және әкімшілік орталығы болған көне Сарайшық (Сарайджук) қаласы, өның өмір сурген кезеңі туралы айтады. Накты деректерге сүйене отырып жазылған бұл еңбек қалың қөпшілікке арналған.



ISBN 5-7667-9420-7

© «Өлкө»

ТИЕК

Қазақ халқы қашаннан өзінің ұшы-қиырсыз кең даласының табиғи-жағрафиялық жағдайына байланысты орналасып, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы ғұмыр кешті. Экономикалық жәйі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениетін дамытты. Оны осы ықылым заманнан бері табан тіреген қасиетті жерінен табылған және сақталған археологиялық және архитектуралық, фольклорлық, кейбір жазба деректері мен жәдігерлері айқын дәлелдейді. Сайып келгенде, әлгі айтқан археологиялық мұралар жазу-сызуы аз, жылнамасы жоқ халқымыздың сыр-сипатын бүкпесіз ашып беретін бірегей құжаты. Ондай ескерткіштер ұзыны Атыраудан Алтайға, көлденені Арқадан Алатауға дейін созылып жатқан кең байтақ өлкемізде жетерлік. Олар әрдайым өзге ел ғалымдарымен қатар өз қандастарымызды да әркез қызықтырып отырған. Ал әділіне бақсақ бұл үрдіс әлемдік ілім-ғылыммен терең қаруланған қазіргі кезеңде тіптен өсті. Өткені бар, осы күнгісі тағы жетерлік – солардың азды-көпті зерттеулерін түйіндеу арқылы қазіргі туған халқымыз мәдениетінің қалыптасу, кезеңдерін айқындауға, теренірек түсінуге мүмкіндік алды.

Халқымыздың өткен кезеңінде Қазақстанда отырықшы мәдениеттің орталығына айналған ірілі-ұсақты қалалар аз емес. Бір сәт тарихи құжаттарға үнілсек, оныншиғасырдағы арабтың белгілі жағрафтарының бірі әл Макдиси «Ахсан ат-такасим фи-Ма рифат ал-акалим» деген еңбегінде Орта Азия мен Қазақстанның онтүстік, онтүстік шығыс жағында 200-ден астам қала болғандығын жаза келе, олардың ішінде дүние жүзіне әйгілі мемлекет астаналары да кездесетіндігін айтады. Байқап отырғаныңыздай, осыншама қала тек күнгей бетте, ал осыларға арқа мен батыстағы тұрғындар көп шоғырланған тіршілік орталықтарын қоссаныз қанша болар еді?! Тек батыстағы Алтын Ордан дәуіріндегі қалаларды ойға оралсак, италияның ағайынды саудагерлері Пициганилер 1367 жылы

«Еділ өзенінен шығыста Каспий төңізінің жағасында сегіз қала бар, оның өзі Хорезм төңірегінен тым қашықта» деп жазса, біздің заманымызда Алтын Орданың тарихи-жағрафиялық орнын түбекейлі зерттеген ғалым Б. Л. Егоров аталған өңірдің бірсынырасы деп 110 қала мен елді мекенге сипаттама бермейтін бе еді?!¹ Өкінішке орай солардың бәрі бірдей біздің заманымызға жеткен жоқ. Әйткені халық басынан өткен түрлі кезең, қоғамдағы өзгерістер әлгі ғажайып жетістіктерімізді тарих беттерінен бірте-бірте жойып, сзып кетті. Мүмкін осы жайларды бажайлап барып айтқан шығар, біздің ұлы бабамыз, ортағасырлық ғалым Жусіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында былай дейді:

*Болған талай қалалар да, халық та,
Уақыт көмегі бәрін бірдей табытқа.
Болған талай ауыльмыз, тайпамыз,
Енді соның ізін тауып, байқаңызы...²*

Біз бүгінде сол жер табытына құрсанған кейбір қалаларымыздың ізін тауып, олардың өмір сүрген дәуірі, сәулеті мен мәдениеті, экономикалық кескін-келбетін анықтау, кешегі тарихты бүгінгі таным-санамен бағымдау жолында жұмыс істеп келеміз. Сондай қалаларымыздың бірі – Сарайшық.

Тарих десек. Сарайшық аты аталса, елбасы Н. Э. Назарбаевтың Астана қаласының қоныс тойында сөйлеген сөзіндегі «Біздің далалық мемлекетіміздің біrnеше мыңжылдықтарды қамтитын тарихы бар. Оның әрқылы кезеңінде, әрқылы өлкемізге орда қонып, ту тігілген. Біреулерінің саяси дәурендеуі әлденеше ғасырға созылса, біреулерінің біrnеше айлармен шектелген. Соған қарамастан, оның қай-қайсысы да біздің ұлттық тағдырымыздың ең түйінді мәселелерін шешіп, рухани тағдырымыздың ең талма кезеңдерін иеленді. Сондықтан да батыс бетіміздегі Сарайшық, Астана, Байтақ, күнгейіміздегі Суяб, Баласағұн, Тараз, Сайрам, Созак, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Жаңакент Қозыбасы, Ақмешіт, Сарыарқадағы Ұлытау мен Ордатау, Көкшетау мен Алаштың аттары аталғанда ет жүргегіміз еріксіз елжіреп қоя береді» деген жолдары оралады.

Ол рас, Сарайшық талай туды төбесіне қадап, тағдыр мен тарихты ішке бүккен шежіре қала. Бірақ ол жәйлі сыр мен жыр әлі айтыла қойған жоқ. Айтылса да жанаға тиегі ағытылып, көбесі сөгілді.

Ендеше аталмыш қала қай уақытта салынды, өмір сүрген дәуірі, тұрғын халқы мен олардың негізгі кәсібі және қаланың дүниеден жойылып кетуінің басты себептері қандай?!

Сөз жоқ, кез-келген оқырман казірде арамызда жоқ, бірақ санамызда сақтаулы, тарихта ізі бар қала атауын естігенде алдымен осындай сұрақтар төнірегінде ойланатыны да сөзсіз. Шындығында, Сарайшық қаласы қашан, қалай салынды?

Бұл турасында әлі дәл жауап жоқ, бірақ түрлі жорамалдар бар. Соның бірі – ауыздағы аныз да, екіншісі ғылыми негіздегі болжам. Бірақ екеуі де шындыққа жақындайды. Олай болса соларды еске ала отырып, оқырманның өзіне ой түйгізейік. Эуелі...

АҢЫЗҒА ҚҰЛАҚ ТҮРІНІЗ

...Мүмкін бұл әр халықтың басында кездесетін жай болар, ол заңды да. Қалай дегенде де XII ғасырдың аяғы, XIII ғасырдың басында монголдар өз ішінен қырқысып, таласқан көшпенді тайпалар елі болатын. Мұның өзі олардың бара-бара тұтастық қалпын жойып, ыдырау сәтіне жеткізді. Соның бір дәлелі – елдегі Есухей (Есүхэй) деп аталатын батырға қарсылас тайпаларының адамдары есебін тауып у беріп өлтіреді де, жесір қалған жары (Өзлүн) мен жетім қалған тоғыз жасар баласы Темірчинді (Тэмүжин) құлдыққа* алады. Бұл шамамен 1164 жылдары болса керек. Өйткені тарихтан белгілі Темірчин-Шынғыс хан 1155 жылы туған.

Ғаламның жартысын жаулаған әйгілі Шынғысханның әу бастағы Темірчин (Тэмүжин) есімі ... Есухей батыр татардың Тэмүжин-үгэ, Хорибуха деген адамдарын ұстап

* Бұл аңыз әдебиеттердек әртүрлі айтылады. Өйткені Шынғыс хан өмірін әлемнің 40-шап асдам ғалымы өр қарынан зерттеген

әкелгенде екі қабат Озлун үжиннен Ононның Дэлүүн болдог деген жерінде Чингис хаган туады. Чингис хаган тұғанда он қолымен асықтай ғана үйыған қан уыстап туыпты. Татардың Тэмүжин-үгесін ұстап әкелген кезде туды деп, атын Тэмүжин қойыпты³.

Жас бала дүшпандар қолында қорлықты көп көреді. Бірақ бойында батырлық пен қайсарлық, жігер оты бар ол көп кешікпей құлдық құрсауынан құтылады, яғни өзгеге аландаудан қол үзген (қашып шыққан) ол айналасына өңкей жалаңтөс нойандар мен қарашиғына қан құйылған қарақшыларды жинайды да, ел тонауга шығады. Эрине аяушылығы жоқ адамның аярлығы мол. Міне, осы бағыттағы жас жігіттің данқы аз уақытта көпке танылып, қатары толыға түседі.

Осы шақта темірчинді өзге бір ой мазалайтын. Ол – әкесін өлтіріп, жесір ана мен жетім баланы құлдыққа алған тайпа басшысын құрту, сөйтіп кек қайтару, керек болса сол тайпа адамдарын түгелімен қан қақсатып, құртып жіберу еді. Ақыры ол бұл мақсатына да жетеді. Егер қытай жылнамаларындағы ескі жазуларға сенер болсақ, ол арба донғалағының мұрындығына бойы жетпейтін жас сәбілер мен жүкті аналардың құрсақтарына дейін наиза тығып өлтірген көрінеді.

Темірчин данқы күн өткен сайын арта береді. Енді ол жол торып, түн жамылған қарақшылар басы емес, бүкіл елді қол астына қаратқан ел басы деңгейіне дейін көтеріледі. Бұдан әрі ол бетімен кеткен алтыбақан, ала ауыз халқының басын қосып, ішмерез араздықты жоюға күш салады. Бұл жолда небір қатал жаза, екі етілмейтін шараға дейін барады. Ақыры бір кездегі тулкінің қындей басы бірікпейтін бытыранқы Монголия енді бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған ұл Монголияға айналады.

1206 жылы ол жаңа – «Шыңғыс» (түрікше аса қатал «тақ иесі» деген ұғымды береді) деген атпен монгол ханы (хаган) бол шыға келеді де, қатал тәртіпті бетке ұстаған қаһары мол, қайсар армия құрады. Армия құрамында «он басы», «жұз басы», «мың басы» деген құрамалары мен әрбіріне жекедара басшы-жетекшілері бар бес «мың басынан» бір «түмен» құралады.

Күндіз-тұні темірдей тәртіп, үлкен дайындықтан өткен әскер қандай жорық-қырғынға да өзір еді. Ақыры олар көршілес қытайларға да көз алартып, мақсаттарына жетті. Терістік-батысындағы ежелгі қоңсылары үйсін, наймандарға да шабуылға шықты. Азғана уақытта Жетісу бойын түгел жаулаған олар 1219 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасына орналасқан ортағасырлық Отырар қаласын шабуга ниеттенді. Бірақ жуық манда бас иіп, етек жияр қала болмады. Кайыр хан басшылығым қайымықпай табан тіреген Отырар тұрғындары алты ай бойы күресті. Шыңғыс хан әскері шағын ғана қала халқының шар болаттай шарғасына таң қала отырып, талай-талай іс-қимылға барды. Амал не, бәрі де пәтуасыз. Керек десеніз, пәлен пүттық зілмәуір кесек тастар лақтыратын қытайлық ауыр машиналар да қала қамалының кетік тасын ұшыра алмады. Айлашарғасы таусылған монголдықтар ақырында құлыққа көшті. Ол-қала ішінен қамал қақпасын ашып берер сатқындар табу еді. Оған негіз де бар болатын.

Сыртпен байланысы жоқ Отырар қаласының тұрғындары арасында бес айдан соң аштық байқалып, түрлі аурулар өрши бастады, оба етек алды. Байтал түгіл бас қайғы боп, сырттан жау, іштен індет қысқан қалада туған халқынан гөрі қара бастың қамын күйттеген қаныпезер жансыздар шықты. Ақыры Караджа деген біреуі түн жамылып, тауық шақырмаған таңғы тыныштықта қас жуаларына қамал қақпасын ашып берді. Бірақ бір сатқын сөйтті екен деп қаланың бар халқының салы суға кеткен жоқ. Керек десе абыржып, ала көніл де болмады. Ең соңғы адамы қалғанша табан тіреп, күресті. Қан төгілді, қала алынды. Кайыр хан қолға түсіп, тұтқындалды.

Бұл Шыңғыс ханның өз жорығы ішінде ең көп аялдаған, амал айласының азайға тұсы еді. Осындағы сәтте қара бет Караджа жеке басының амандығы, керек десе байлық үшін туған қала, халқын сатып, ата жауынан аса мол сыйлық тіледі. Ол бұл тілегін хан алдында да жасырмады. Эйтсе де албырттықтан гөрі айласы, бүгінгісінен гөрі болашағын көбірек ойлайтын Шыңғыс хан «Туған халқын сатып, тайтуяқ дәметкен бұл сұмырай өзгені жарылқап, өзегі өртенбейді. Көмейі «күміс», көзі «алтын» деп, жарғақ құлағы

жастыққа тимей жүрген өлексенің көмей, көзіне балқытылған күміс құйындар» деп жарлық береді. Осылайша пәрмен де орындалады.

Бұдан әрі хаган әскері қанша қарсылық көрсетсе де Сайрам мен Сығанак қалаларын күл-талқан қып күйретіп, жермен-жексен етеді. Осылайша қанша ғасыр, қанша жыл бойы өсіп-өркенде, гүлденіп, жетілген қазақ (қыпшақ даласы) жері әп сөтте ойран-асыр жоқ болады. Шыңғыс хан шапқыншылығы одан әрі жалғасып, Орта Азия жеріне баса-көктеп кіреді. Бір ғажабы монголдықтар үшін қазақ жері мен Орта азия қалаларын алу тіpten қынға тұсті.

Көне Ургеніш те күшін жиып, айлар бойы қарсыласып бақты. Шыңғыс хан әскербасылары бұл жолы да андуды қойып, айлаға көшті. Тасқыны қатты, тасуы бөлек Әмударияның арнасын бөгеп, қаланы суға батыру арқылы қолға түсірді, бағындырды. Сөйтіп Бұхар мен Самарханд алынды. Хорезм шахы Мұхаммед Алладин басқарған ежелгі мекен еншиленіп, парсы даласы арқылы жорық Қап тауына да жетті.

Алды қан, арты шаң мен лаң Шыңғыс хан әскерлері басқан жерінің бәрін күл қылып қиратып, құм етіп үгіп, орыс жерінің онтүстік пүшпағына да түяқ тірейді. XIII ғасырдың алғашқы ширегінде (1223, қой жылы, сәуір айының 31 жаңасында) Азау теңізіне құятын қалқа өзенінің бойында орыс кінәздары мен қыпшақтардың біріккен әскерін ойсырата жеңген олар, осы арада қарсы жақтын жаралы жауынгерлерін қатар-қатар жатқызып, үстеріне тақтай төсейді де женис құрметіне той жасайды. Арақ-шарап ішіп, би билейді.

Жорық сайын қанжығасы қандалып, қоржындары інжу-маржан, алтын, күміске толған Шыңғыс хан әскерлері екі бағытта, бірі Орта Азия, Каспий теңізінің түстігімен қап тауына бет бұрса, екіншісі Сыр бойы, Хорезм, Устірт, Жем бойымен Жайыққа өтіп, одан әрі Еділді ендей көтеріліп, бытыранқы орыс кінәздіктерін қаншама қайсарлық көрсетсе де, шашқан тарыдай шүлдіретіп, басып алды. Бұл шамамен 1237-1240 жылдар аралығы еді. Бұдан әрі осынау ұланбайтақ кең алқапқа кереге жайып, орын тепкен Бату өз алдына мемлекет құрды, оны Алтын Орда деп атады. Шыңғыс

деректерінде Көкорда деп аталатын бұл мемлекетке қазіргі Жетісу өнірінен басқа аймақтың бәрі еніп, оған Жошы, оның үрпақтары еркін билік жүргізді.

Алдында айтқанымыздай Еділ бойына иек сүйеген Бату жаңа мемлекет астанасының іргесін көтеріп, уығын қадады. Ол Бату Сарай деп аталды. Бұдан соң екінші қала Берке Сарай бой көтерді. Сайын келгенде Сарайшық бұлардың қай-қайсысынан да бұрын дүниеге келсе керек. Өйткені монголдар Каспий теңізінің шығыс, терістік бетін 1237 жылға дейін, яғни 1219-1221 жылдары-ақ жаулаپ алғып, Устірт пен Жем, Сағыз бен Қайнар жазығында талай рет аң қағып, тұлкі құғанды. Жорық жалғасты, жаугершілік үдеді. Осы кезде ұлы хаган әскерлері жер төсеніп, тас жастанған ештеңесі жоқ. Белгілі бас span>, адамдар шоғырланған орындарда өмір сүрді.

Оған қоса жаугершіліктен түскен қарайған олжа қасиетті тутан жер-Қарақорымға қарай бағыт алады. Осы сапарында хан әскері суы мол әрі ағысы қатты, терең өзен – Жайықтың ең бір шұрайлы, аққу-қазы қалқыған, қамыс-қоға, тал-терегі майсып, айдыны шалқар шалқыған жағалауына ат суытып, тізе бүгеді бел шешеді. Қосын орнатып, түтін түтетеді. Бір қарағанда оның да жөні бар еді. Егер тарихи деректерге жүгінсек Батудың өзі, інісі Берке де Сарайшықта тұрған, біраз уақыт ғұмыр кешкен.

Жылдар бойы жаһан кезіп, жаугершілікте жүрген қалың түменнің бір сәт мамыражай күй кешіп, мандалада тынығуы, аз-мұз аялдап, қан жұтқан қолдың ес жиуы заңды құбылыс. Қанша сар желдіріп, салып-ұрып келе жатсаң да жаңағыдай арнасы ұлкен, ағысы қатты Жайықтан («Жайық» сөзінің этимологиясының өзі Алтай түркі тіліндегі «сұрапыл, тасқынды жойқын өзен» деген ұғымды береді). Әкір-түкірсіз көктей өту мүмкін емес. Ол үшін арнайы соғыс құралдары мен ауыр қол, жаугершіліктен түскен қыруар олжа, байлықты көтерер ұлкен сал, жұзбелі көпір салу керек. Солай болып, бұл қажеттілік те орындалады.

Аталған көпір жәйлі 1334 жылы Берке сарайдан Хорезмге кетіп бара жатқан арап көлесі (купеци) Ибн баттута өз күнделігінде «Біз Сарайдан он күн жүріп «Сарайджук қаласына жеттік... Онда Бағдаттағыдай кемелер тоқтайтын

ұлкен жүзбелі көпір бар екен»⁴ деп жазса, республика тарихының 2-томында «Ургеніш-Бұхара және Ургеніш-Отырар-Алмалық керуен жолындағы Жайық өзенінен өтетін өткел арқасында қала өлкенің шегінен алыс жатқан жерлерге де мәлім болды»⁵ деп көлтірген.

Дегенмен бұл жұмыстың, яғни әлгі айтқан көпір салу ісінің өзі біраз уақытқа созылғанға ұқсайды. Ол кезде ханның тынығып, демалуы үшін арнайы орын дайындалып, қалашық тұрғызылады. Оны «Сарайджаң» — Кіші Сарай деп атайды. Ал ұлкен Сарай кейбір зерттеушілердің айтуынша Темірчиннің өз елінде, Монголияда қалды деп есептейді.⁶

Бұл бірінші нұсқа немесе жартылай аныз. Соңдықтан бұл айтылғандарға шындық деп қарап, көз жұма беруге болмайды. Әңгімеге орай осы дүниені тұтас оқып шыққан оқырман да мұндағы кейбір пікірлердің артық-кемдігін де айқын байқайды. Мәселен, батыс өнірге жасаған жорық, шабуылдарының басы-қасында Шыңғыс ханның өзі емес, оның Сүбітай баһадүр мен Жебе нойан бояп, басқарды. Ал ханның өзі көбіне-көп Ордада болды.

ҒЫЛЫМҒА НАЗАР АУДАРСАҚ...

Татар-монгол (Татарлар саны жағынан ең көп монгол тайпаларының бірі еді. Олар Шыңғыс хан әскерінің құрамында мол болды. Сол себепті монголдарды Европада татарлар деп атайды.⁷) шапқыншылары орыс жерін жаулап алғаннан кейін Алтын Орда астанасы Бату Сарайы болды. Ол Еділ өзенінің төменгі сағасындағы Ахтуба тармағында Астрахань қаласынан біраз жоғары, 120 шақырымда, қазіргі Селитрен поселкесі маңында, әлі күнге орны бар.

Ілгеріде әңгімелегеніміздей Орта-Азияны басып алған монголдар баса-көктеп орыс жерінің онтүстік жағы, Кавказ бен Қырым, еділдің төменгі сағасына қол салды. Сөйтіп олар 1219-1221 жылдары қазіргі Атырау аймағы немесе Каспий теңізінің терістік бөлгіндегі қыпшақ даласы тұрғындарын да тізе бүктірді. Оған хандық тағы Сарыарқа жазығында қалған Шыңғыс ханның ұлкен ұлы Жошы билік құрды.

Осы арада айта кетер бір нәрсе – Шыңғыс хан қолының Орта Азия, дешті Қыпшақ даласына шабуылы, Алтын Орданың құрылуды туралы әңгіме бола қалса, алдымен ауызға оралатын үш тұлға бар. Олар – ұлы хаганиның үлкен ұлы-Жошы (1187-1227), оның ортанышы және үшінші балалары Бату (Батый, хан, 1208-1255) мен Берке (Береке, Беркай, 1209-1266). Сайып келгенде бұлар тарихта қандай істерімен ат қалдырыды?

Алдымен Жошыға тоқталайық. Ол Дешті Қыпшақтағы феодалдық мемлекет – Жошы ұлысының негізін салушы, аса ірі әскери басшы, монголдардың барлық басқыншылық жорықтарына қатысып, онтүстік Сібір, Алтай, Жонғар даласын, Шыңғыс Түркістанда мекендеген көптеген тайпаларды бағындырыды. Шыңғыс тұңғыш баласының осындай ерлігіне бола Қаялық пен Хорезмнен Еділ бойындағы Саксин мен Бұлғарға дейінгі немесе Ертістен Орал таулары, одан да арғы кең алқапқа билік жүргізуге мүмкіндік берді. Бірақ ол осындай қамқорлықты ала тұрса да, өзінің қыпшақтарға, оның жері мен еліне деген шынайы махаббаты, сүйіспеншілігіне бола әкесінең әмірімен опат болған асыл тұлға.

Ал Бату болса Русьті жауладап алушы, Алтын Орданың құрушы. Жошы өлгеннен кейін ол Хорезм, Қара теңіздің солтүстігі мен солтүстік шығысындағы күллі Дешті Қыпшақ даласын (1227) иеленді. Арада тоғыз жыл өткенде монгол армиясы батысқа жорық жасағанда оған басқолбасшылықты Батудың өзі жасады. Бұлгарды алды, орыс даласындағы түркі қыпшақтарға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. 1237 жылдың қарашасында еділден өтіп, орыс кінәздіктеріна шабуыл бастады. Рязань, Мәскеу, Владимир, Козельск тұрғындары өз қалаларын аса жанқиярлық ерлікпен қорғады. Бірақ 1238 жылдың наурызында орыс княздықтарының дені жеңілде де, монголдықтардың Новгородқа дейін тізгін тартпай жүре беруіне мүмкіндік туды. 1240 жылы Киев қаласы алынды, сейтіп Руська қарсы соғыс аяқталып, Венгрия, Польша, Долмацияға жорық, Дунайдан өту, Жерорта теңізіне жету, міне, осының бәрін Бату хан үйымдастырыды. 1242 жылдан бастап ол барлық орыс князьдары мен бүкіл Русьтің әмірі болып бекітілді. 1243 жылы

Еділдің төменгі сағасында феодалдық Алтын Орда мемлекетін тұрды. Ол сонау қара Ертістен Дунайға дейінгі кең алқапты алып жатты. Мемлекет астанасы Бату Сарай еді.

Рубруктың жазуына қарағанда Батудың 26 әйелі болыпты. Ал Рашидад-Динниң жазуында Батудан 4 үл өскен. Бату хан 1255 жылы Сарай қаласында өліп, сол араға жерленген.

Орыс жылнамашылары мен Еуропаның кеңес дәуіріндегі тарихшылары Батуды Русь пен Еуропаның сол кезгі өндіргіш күштеріне орны толмас зиян келтірген феодалдық реакцияшыл билеуші деп бағаласа, шығыс халықтарының тарихшылары мен мұсылман дінін зиялы қауым өкілдерді Батуды Алтын Орданы ұйымдастырып, Қазақстан жерінде түркі тайпаларының бірігіп, нығаюына ерен еңбек сінірген мемлекет қайраткері деп таниды.

1255-1266 жылдары, яғни Батудан соң Алтын Орда ханы атанған Берке әкесі Жошының көзі тірісінде-ақ Дешті Қыпшақ пен Түркістанның әміршісі болып тағайындалған еді. Бұхарадан ислам дінін қабылдап, біраз білім алған ол Сарайшықта тұрған жылдарында сол бағытты одан әрі бекітті. Алтын Орда тағына хан болып отыруы мүн екен, исламды ресми дін деп жарияладап, күллі дешті Қыпшақта имандылық жолын белгіледі. Сауда мен қол өнерге ерекше мән берді. Еділ бойында қала құрылсының дамуына ерекше көніл бөлді, Берке Сарайды салғызды.

Берке мамлюктер билеген Египетпен елшілер алmasып, сауда-саттықты дамытты. Бейбарыстың өзімен түрік тілінде хат жазысып, достық рәуіште болды. Мұндай досытқтың тағы бір себебі; Бейбарыс оның қызын алған күйеу баласы еді. Берке жорық үстінде 1266 жылы Кавказда қайтыс болды. Сүйегі Берке Сарайға жеткізіліп, сонда жерленді.

Әңгіме орайында айтар болсақ Беркенің Мысыр сұлтаны Бейбарыспен достық байланысы. Алтын Орда, соның ішінде Жайық бойындағы Сарайшықтың Египетпен қарым-қатынасы, жалпы Бейбарыс деген кім? Ол жәйлі республика көлемінде әлі күнге тарихи мәліметтер аз. Ендеше осы төніректе аз-мұз сөз ете кетудің еш артықтығы жоқ сияқты.

Египет – османдықтар басып алғанға дейін де түркі тұқымдас халықтармен тығыз қарым-қатынаста болып келген ислам өлкесі. Мұнда алғашқы түрік мемлекетін құрған

Толыпұлдары (868-905) және ықшыттар (935-969) әuletі болып табылады. Бірақ Мысыр тарихында мамлюктердей (1250-1517) сүбелі із қалдырған ешкім жоқ. Аталған кезеңде адамзат тарихында айтулы ісімен көзге түскен талай тұлға қадірменді қолбасшы, әйгілі әмірлер болды. Солардың ішінде әз-Зәкір Рухи ад-Дин Бейбарыс әл-Бундуқдаридің орны бөлек. Ол — Мысырдағы мамлюк әuletінің негізін қалаушы, белгілі қолбасшы, аты аңызға айналған мемлекет басшысы.

Ол қыпшақтар арасындағы Беріш руының бірінде дүниеге келді. Есін білер-білместе алдымен Сивасқа, одан Алеппоға сатылып, Шам, ақыры Каирдегі теңіз құлдары арасынан бір-ақ шықты. Осынау ұзын бойлы, көзі көк, қараторы өнді, зор дауысты, жігерлі қыпшақ жігітінің қимылы қашан да шалт және әділ болатын. Сол үшін де оны әріптестері сыйлады, керек болса ығысып, қорықты да. Ақыры ол жат елге құл болып келіп, хан болып данқы шықты. Бұл оның Египетте 1260-1277 жылдар аралығындағы мамлюк тағына сұлтан бол отырған ерлік пен куреске толы жанкешті жылдары еді. Шындығында ол осынау он жеті жылда адам баласы сеніп болмайтын ерліктер жасады. Оның бәрін бірдей санамалау — арнайы ғылыми еңбектің үлесі. Ал біз соның, яғни Бейбарыс бабамыздың таққа отырған жылдарындағы қыпшақ даласы, Алтын Орда хандығымен байланысын ғана тілге тиек етейік.

Мысыр қашаннан бай елдер қатарына жатады. Байлық бастауы — әу бастан тиыннан тиын сауып, ақша жасау, сауда саттық. Соған сай бес мың жылдық тарихы бар Каир көшелеріндегі фелмахтар немесе араб саудагерлерін әскери қызметке жұмылдыру сол бір XIII ғасырдың алғашқы жартысында суга сурет салып, құмға ою-өрнектеймін деген бос қиялмен бірдей еді. Әйткені олардың күллі болмыс, бітім-табиғаты сауда деген сынар сөзге байлаулы. Білетіні сұлтан қазынасына салық түсіру мен өз құлқындарын тойдыру ғана. Қалған саясат, соғыс, ел тағдыры дегенге елең қылмай жорта береді, тіпті қажет деп таптайды да. Ал әскері жоқ ел әуелден талағанның тырнағында, аңығанның аузында жүретіні бесенеден белгілі, әлімсақтан айтулы. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін эюбидтер Қырымнан, тіпті одан да асып, Еділ бойынан тұтқындарды көптең сатып

алатын да, оларды орасан қatal тәртіппен соғыс өнеріне баулитын. Әдетте әскери қызметші мемлекет қарамағына жататындықтан бұл тауар есебінде сатылып алғынған әскерлерді елде баҳрит мамлюктері немесе мемлекет құлдары да атайдын. Мұндағы баҳрит сөзі Ніл жағасындағы мамлюктер өмір сүрген баҳрит қамалына байланысты емес, тіптен басқа теңіздің арғы беті деген мағынаны береді. Ал баҳрит мамлюктері болса, арғы беттен әкелінген құлдар деген үғым. Оған себеп-алғашқыда мұндай тауар есебіндегі адамдарды, яғни қыпшақтарды теңіздің терістік бетінен Мысырға, Ирандағы ильхандықтарға әкеп сатқан Венеция купецтері болатын. Оларды ирандағы монголдар да сатып алды. Қашан да қаһарман, өз ісіне адал, алған бетінен қайтпайтын жауынгер жандар тауып бергені үшін Шыңғыс хан нојандары венециялықтарды өте жоғары бағалайтын, сыйлайтын.

Ал венециялықтар қолына мамлюктер қалай түсті дейтін болсақ, сол кездің өзінде Флореция мен Венецияның дәулетті қожайындары өз үйлеріне қыпшақ қызметшілерін ұстауды үлкен үрдіске айналдырды. Керек десеніз Алтын Орда тарихында есімі елден бұрын аталатын атақты саяхатшы Марко Полоның үйінде де Петр деп аталған қыпшақ қызметші болыпты. Уақыт өте Мысырдағы мұйізі қарағайдай мұсылман билеушілер де өз сарайларында ондап, жүздеп қызметші жұмсаумен бірге мындаған қыпшақ гвардияларын ұстауды әдетке айналдырган. Мысалы, Бейбарыстан кейінгі Мысыр сұлтаны Қалауын өз үйінде 1200, ал сарайында 12000 әскери қыпшақ ұстап, күшін пайдаланған.

Сайып келгенде мұндай қалын әскер Бейбарыс тұсында Шығыстан монғол, батыстан крест жорығына шыққандар қайтакайта түрткілеп сес көрсеткен Мысыр мен Сирияға аудай қажет-ақты. Әуел баста әлгіндей тағдыр тәлкегімен туған тайпасы Боршалы, Борлы, бүгінгіше айтсақ беріш руынан жырықтап, Сивас пен Алеппоны асып, Шамға жеткен Хамада зергерінің көмекшісі, одан Каирдің теңіз мамлюктері арасына түскен Бейбарыс өмір мен өлім арпалысы үстінде құлдықтан хандыққа өтіп, өз жанына тек қыпшақтар ғана емес, күллі түркі тайпаларынан жиналған мамлюктер гвардиясымен 1258 жылы Бағдатты, одан Иранды алып, Таяу Шығысқа тап-тап берген

МОНГОЛ ХАНЫ ХУЛАГУДІҢ ОН МЫҢДЫҚ ҚАЛЫҢ ҚОЛЫНАН СИРИЯНЫ ҚОРҒАП ҚАЛДЫ. КРЕСТ ЖОРЫҒЫНА ШЫҚҚАНДАРДЫҢ СОНҒЫ ҚАМАЛЫ АККРАНЫ АЛЫП, ОЛАРДЫ СИРИЯ ЖЕРИНЕН ДЕ ҚУЫП ШЫҚТЫ.

Міне, осы тұста, яғни Бейбарыстың крестшілерге қарсы күресі, Кіші Армения патшалығы мен кіші Азия сельджуктарына бағытталған жорықтары, Хулагу әuletі үстемдігіне тойтарыс беру тұсында Мысыр сұлтаны тек өз басы емес, өзім деген өзге де одақтастықтарға арқа сүйеуіне тұра келді. Ол үшін іргедегі шағын елдер емес, анау арқадағы қандастары, қалып айтпай тұрасына көшсе қайын атасы Берке хан билік құрган Алтын Ордаға иек артқан жөн еді. Дәл осы тұста әні-міне Сирияға аттанам да, одан арғы Мысырды місе тұтпай мытып-ақ тастаймын деп екі алақанына түкіріп отырған Хулагу мен оған деп көмекке жіберген қалың әскері бар аталас немере інісі Берке хан арасынан аңдаусызыда ала мысық жүгіріп өтті. Бәріне кінәлі Беркеге Бейбарыс жіберген елші хабары мен христиан әйелі бар Хулагудың осы дінді жан-тәнімен қолдауы еді. Пәрмені мықты Алтын Орда ханы өз әскері басына «Қайтып Ордаға орал, болмаса Мысырдағы Бейбарысқа тарт» деп жарлық қылды да сол Бейбарыстың өзіне «Біз батыстан, сен шығыстан тиіспіп, Хулагу әскерін қыспаққа алыш, бір адамын қалдырмай қырып жіберейік» деп елші шаптырды. Қашанда уысында қан, қылышында жан жүретін әскерге едірендең елге қайтқаннан, еңкулеп жауға шапқан артық емес пе, осыған орай қалың қолдың бет түзеген бағыты — Бейбарыс билік құрган Мысыр шаһары болды. Ал мамлюк өз кезегінде әр сарбаздың алдына арғымақ тосып, уыстарына пұл қыстырып қарсы алды. Одан арғысы әлгіндей, жеңіс жалауы желбіреп, найза ұшы дымданды.

Ал енді Бейбарыс пен Беркені бауырластырып, елдерін одақтастыратын қандай күш. Оның да ойдым-ойдым сырый бар. Біріншісі және ең бастысы Алтын Орда Байбарыстың жылап туып, уілдеп өскен, яғни кіндік кесіп, кір жуған отаны. Ендеше қанша жерде хан, неше елде сұлтан болса да тұған топырақты ұмыту, елемей естен шығару еш адамның миына кіріп, ойына келмеген үрдіс.

Екіншісі — Орда ханы Берке Бейбарыстың туған қайын атасы. Үшіншіден — Бұхарада білім алыш, бақайынан басына

дейін діни жолға құлаған Берке ұстанған саясатты Мысыр сұлтаны да жоққа шығармайды. Қайта оған тілеулем, ниеттес жаң еді.

Төртіншіден, Хулагудей алды шаң арты қан Шыңғыс тұқымына мықты одақ, күші мен нысы мол Алтын Орданың Беркесіндегі қалың қолмен бірлесе қимылдамаса, ильхандықтардың жалғыз елдің сесінен тайы түгіл тайлағы да үрікпес еді. Осы орайда Бейбарыстың ылғи да үлкен жорықтарға аттанарда алдымен жоғарыда айтқан соғыс өнерінде тәжірибелі, әскери қолы нығаған елдермен одақ жасап алатын қашаннан бергі әдеті-ді. Мәселен, осы Алтын Ордамен одақтастығынан бұрын Сириядың христиандарға қарсы византиялықтармен одақ құрса, Сицилия, Арагон королдіктерімен байланысы да мықты болатын. Дипломатиялық байланыс барысында саяси-мәдени, сауда байланыстары қатар дамыды.

Бейбарыс мамлюк сұлтаны атанип, таққа отырған он жеті жыл ішінде тек соғыс өнеріне мән беріп, басқа саланы ұмыт қалдырган ештеңесі жоқ. Өзі жаулап алған жерлерге, атап айтқанда Фазза, Антания, Сіс шекараларына 40 мың түркі тұқымдас көшпенділерді орналастырып, қоңыстандырыды. Мысыр сұлтанының мемлекеттің ішкі басқару жүйесіне де әкелген өзгерістері мол. Жаңа мекемелер құрды. Олардың бәрінде де қатаң тәртіп орнатылып, құқ ісінің адаб, әділ жүруіне мән беретін. Өзінің ылғи да мойындар, бас иетін суннитизм мектебінде төрт үлкен биінің жеке-жеке бағыттарын айқындағы, немесе ислам дінінің төрт ағымын (мазһабын) теңеп, бір ғимаратқа отырғызды, қызметтерін белгіледі. Ежелгі Каир мен оған іргелес үалаяттар арасына жол салды. Жетілген байланыс қызметі болды. Ол үшін кәдімгі үй көгершіндері жиі пайдаланылды. Ал алыс жерлер, мәселен, Каир мен Шам арасындағы ұзақ жолдарға өзі тұған қыпшақтар арасында көп қолданатын көліктегі лаулау, жаушының бекет сайын ат ауыстыруы арқылы хабар жеткізу әдісі жүзеге асты. Мемлекетке орталықтандырылған сипат беріліп, Александрия, Каир, Димиат порттарының кеңеюіне мүмкіндік жасалды. Ал өзі болса жазда қолы бос сөттерінде қала сыртындағы

жап-жасыл көгалда хоккей ойнап, бой сергітсе, қыста бүркіт салып, аң аулағанды ұнатты.

Бейбарыс ылғи да өз әскерлерімен тек қана қыпшақ тілінде сөйлесті. Соған сай аталған халықтың ғасырдан ғасыр асқан салт-дәстүрін де қатты қадірледі. 1262 жылдың шілдесінде өз ұлын сұндетке отырғызып, қол астындағы 1645 сарбаздың барлық ұлын осы жолға үгіттеді, мұсылмандыққа жүгіндірді.

Төменгі Ніл бойында, шам мен Каир аралығындағы кен алқапқа Еділ бойы, Дербентпен, Қап тауынан келген қалың қандастарын ру-руымен топтастырып, олардың үлкен бір шоғырына Орда деген атау да берді. Сайып келгенде Ордаға, ондағы жаңа тұрғындар мен әскери сарбаздарға қыпшақ даласынан ағайын-туыс, әкелері мен балаларының еш кідіріссіз келіп-кетуіне толық жағдай туғызды.


Орда атанған ауылдың немесе мақалланың тіпті ежелгі астана Каирдың қақ ортасында бие байланып, әр үйде саба-саба қымыз ашытылды, күмпілдеп күбі післіді. Ол аз десеніз әр сәрсенбіде қамал алдындағы алаңда барлық 50-60 әмір жиналып, әлгі бал татыған сары қымызды құмарта сіміретін. Сіміретін де сілтідей тынып, туған жердің небір әуезді әуендері мен сұлу саздарын тыңдайтын. Бұл кезде сол бір әмірлер үстерінде құдды құдалыққа келгендей салтанатты әдемі киімдер көлеңдеп, қолдарында қымыз толы фарфор кеселер жарқылдайтын. Бейбарыс болса қарапайым қабылдаулардың өзінде аса марқабатты меймандарына осы бір уыз дәмді марқая ұсынып, масаттана жымиятын.

Араб тарихшысы Әл Макризи жазғанындаї Каирда мамлюктер келгенге дейін көшеге сәлдесіз шығу барып тұрған әдепсіздік болса, енді Бейбарыс заманында ерекк атаулы үстеріне татар шапанын, бастарына шеркештер тақиясын киіп, базарға да баратын, мешіттерге де кіретін. Елде «татариат» деп аталатын әдемі жылтыр атлас маталар, қыпшақтардың тері киімдері, меҳтар сатыла бастады. Олардың көптігі сондай, қарапайым қара қатайлардың үстерінде де былғары киімдер жүрді.



Мамлюктердің соның ішінде Бейбарыстың әскери сарбаздарының негізгі тамағы ет, әсіресе жылқы еті болатын. Олар да қазы айналдырып, қарта көртіп, сүйек мұжіді.

Бейбарыс өз тұсында күнделікті әскери іс-қимылдарға да, қарапайым өмір ағымына да шынайы адами төртіп алға тартып, берік үстанды. Бұл жолда тек Мысыр топырағындаған емес, өзімен одақтас барып тұрған діндар Алтын Орда ханы Беркенің өзін бұрынғыдан бетер дін жолына түсіріп, шариғат сүрелерін қалтқысыз орындатуға негіз болды. Қалай дегенде де Бейбарыстың Беркеге немесе Мысырдың Алтын Ордаға әсері мол еді. Екі ел арасында ешілік алмасу 1262 жылдан басталады. Бейбарыс Сарай қаласына Византия арқылы алғашқы адамын жіберіп, достық көпірін орнатса, қалған он бес жылда тағы да жеті елші ауыстырды. Міне, осылайша Каир мен Сарай арасындағы екі ғасырлық достық байланыста елу, ал баҳрит мамлюктері билеген жүз отыз жеті жылда 40 елші алмасқан. Бейбарыс заманында екі ел арасындағы саяси-экономикалық, әскери, діни байланыстар өте қатты дамыды. Мысалы, діни байланысты алсақ Кіндік Азияда исламизмді Бұхардан кейінгі қабылдаған Берке хан билеген алтын Орда өнірі, Сарай, Сарайшық қалалары еді. Мұнда шариғат заңы алдыңғы кезекте тұрды. Бірақ ол Шынғыс ханның болат қаңылтырға жаздырған «жасақ», «жаса» заңынан күшті емес-ті. Қарапайым діндарлар мен әскери қызметшілерге ортақ бұл ереже аса қatal және әділ болатын. Ол Мысыр мамлюктеріне де заң болды.


Мысырда қатты қолға алғынған Мекке, Мадина, қажылыққа бару Сарайда да күш алды. Бұл іс хан Беркенің өзінен басталады. Осы кезден бастап әлді әмірлердің Мысыр жерінде, мысырлық мамлюктердің Қырым мен Еділ бойларына медреске-мешіттер, әскери қамалдар салу үрдісі жалғасқан. Егер тарихи әдебиеттерге үнілсек Сирия мен Ливанда, Мысыр жерінде мамлюктер салған не бір ғажайып ғимараттар жетерлік. Мысалы, Сириядығы тас төбесіне «Сұлтан Бейбарыс» деп жазылған «Крак де Шеваль» қамалы қақпасын бір сәт еске түсіріңізші. Тегінде мамлюк сұлтандары мен әмірлері сол кезде мешіт, медресе, күмбез салу, тұластай алғанда құрылыш ісіне ерекше көніл бөлді. Соңдықтан да осынау бір мамлюктер дәуірін немесе ерте мамлюк деген атпен қалыптасқан архитектуралық сәулет өнерінің алтын ғасыры десе де болар. Оған дәлел Каирдағы атақты Бейбарыс мешіті, Қалауын мен оның ұлы




Сарайшықтың жеті ханына арналған монумент



*Кеселер мен
шырағдандар.
XI-XVI ғ.ғ.*



Құмыра



Көне қала орнынан табылған құдық. XIV ғ.



Сарайдың жеке бөлмесі, оның жылтыу жүйесі



Н.Ә. Назарбаев Сарайшық мұражайын тамашалауда



Академик Ә.Марғұлан Сарайшықта қазба жұмыстарын жүргізуде. 1950 ж.

Мұхаммадтың және сұлтан Хасанның әрбірінің жеке-жеке мешіт-медреселері сол елдегі қыпшақи сәulet өнерінің не бір тамаша үлгілері болып табылады. Олар өздерінің орасан зор көлемімен, көз тартар салтанат, әсемдігімен есте қалады. Казірде де олар Каир мен Дамаск арасындағы құм басқан далалар мен шың басқан таулар арасында шашырай орналасқан.

Тарихи әдебиеттерде сұлтан Бейбарыстың өз заманының ойшылдары мен ақылмандарына асқан қамқорлықпен қарағандығы жөнінде жиі айтылады. Мәселен, Ибн Тәнірберді жазбаларында «Ол өнер мен ғылым шеберлерін өз жанына тартатын. Тарих пен тарихшыларға ерекше көніл бөлетін» дейді.

Бейбарыс тұсында қыпшақ даласының көптеген ұлдары Сирия мен Мысыр, Шам мен Каирға ілім-білім іздең барды. Каир қыпшактары арасынан да небір ақылман, ойшылдар шықты. Бұл турасында Египет чиновнигі әл Омари: «Олардан (түркілерден) шыққан патшалар өз қандастарына көбірек қарасты, Египетті соларға толтырып, елді жан-жақтан тек соларға қаратуға аянбай күш салды. Олардан мемлекеттік кенестің талай жарық жүлдyzдары, жиналыс басшылары, Египет жерін билеушілер шықты» деп жазған болатын.

Сондай зиялды перзенттер ішінде Ибн Тәнірберді, Ибн Йиас, Ибн Айбек сынды тарихшылар, ибн Фатшах ас Сараи, ибн Баззази сынды діни ғұламалар, Маулен заде әл Аджами, ас Сарайи, әл Кахири сынды араб, парсы, түрік тілін жетік білетін зангерлер мен ғалымдар бар.

Тіпті бір деректерде Бәркенің ұлы әмір Бедр әд-дин-Мұхаммед те Каирде тұрып, қайтыс болған. Ол өлең жазады екен, сол өлкеде екі томдық кітабын шығарыпты.

Сөйтіп Бейбарыстан басталған Мысыр мен Қыпшақ даласы арасындағы екі жүз жылдық достық қарым-қатынаста екі ел арасында көп нәрсе ауысты, біраз жаңалық дүниеге келді. Бұл турасында Каирдағы әль Асхар университетінің профессоры, белгілі тарихшы, филолог Амин аль Холи «ғасырлаап тұрған қыпшактар арабтар өміріне көптеген әсерін тигізді. Соның біразы әдебиет пен өнерде» деген еді. Эрине, оның бәрін санамалай берсе, тым ұзап кетері де белгілі. Бірақ оның бәріне негіз болған,